

Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Суюнбаева Алтыnguл Жакиповнаның
«8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
Дайындалған Утегенова Асельдің «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес орындалған: - Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы; - Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Диссертациялық жұмыс көрсетілген бағдарламаларға сәйкес арнайы орындалмаған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Батыс Қазақстан аймағындағы бүгінгі тілдік және этнотілдік жағдаят теориялық және практикалық тұрғыдан зерттелді. Сараптама негізінде тілдік және этнотілдік жағдаяттың даму үрдісі айқындалып, алғаш рет транслингвалды, транскрипталды тәжірибе жасау негізінде трнслингвизм пайда болатындығын, бұл еліміздің

			батыс өңірлеріндегі тілдік жағдаяттың ұлттық сипатта өрбуіне кері әсер ететіндігін көрсетіп, шешім шығарудың қажет екендігін айқындайды. Сондықтан зерттеу жұмысы қазақ ғылымына елеулі үлес қосады деп саналады. Диссертацияның зерттеу нысаны мен мақсатына сәйкес қазіргі тілдік жағдаяттағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қолданылу дәрежелерін айқындап, сөйлеу кезіндегі араласа қолданылуына лингвистикалық талдау жасауы, сондай-ақ ұлттық тілдің болшағын ескере отырып, тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге деген ұсыныстары мен ұмтылыстары зерттеу жұмысының маңыздылығын толық ашып көрсете алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертация толығымен диссертанттың өзіндік ғылыми сараптаулары мен пікірлері негізінде жоғары деңгейде жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақстан жағдайындағы мемлекеттік тілмен қатар бірнеше тілдің тең /еркін қолданысы тілдік және этнотілдік жағдаятқа әсер етеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің басым қолданыстық деңгейін көтеру үшін алдын ала зерттеу жүргізіп, қажетті шараларды қолдану қажеттігі – диссертация тақырыбының өзекті және шешімін тез табуға тиіс екендігін көрсетеді. Батыс өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жоғарылығымен, этнодемографиясының әртүрлілігімен жоғары деңгейлі қостілділік пен ортадеңгейлі көптілділік қолданысының мемлекеттік тіл қолданысына әсерінің жоғары болатынын көрсетуі, соған сәйкес көпэтносты Қазақстанда тілдік саясатты дұрыс ұстана отырып, тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеу диссертация өзектілігінің жоғары екендігін көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды , ашып көрсете алады. Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеуде: әлеуметтік лингвистикамен байланысты қарастырып, көпқырлы құбылыс ретінде этнотілдік жағдаятты жіктеп көрсетуі, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік және қоғмдық нысандардағы қолданысы мен лингвистикалық сипаттамасын беруі, болашақ

			<p>тілдік қозғаушы күш ретінде ЖОО студенттерінің көптілді білім алуы негізінде көптілді қолданысты сөйлеу жағдаятын қарастырып, талдау жасауы, еліміздің батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеу үшін жасалған ғылыми-практикалық ұсыныстары диссертация тақырыбына сәйкес мазмұнының толық сәйкес келетіндігін көрсетеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация жазуда қойылған мақсат пен оны шешу үшін қойылған міндеттер зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаятты сипаттау, ерекшеліктерін айқындап, тілдік және этнотілдік үдерістердің тепе-тең жүргізілуіне бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау мақсаты диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Сонымен қатар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тілдік және этнотілдік жағдаятты көпқырлылығын көрсетті, типологиясы жасалды. Қойылған бірінші міндет диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді; - батыс Қазақстан өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты сипаттау үшін қазақ және орыс, ағылшын тілдерінің қоғамдық және әлеуметтік қолданысы мен өңірдегі үштілді эпиграфиканың құрылымдық-мазмұндық талдауы – қойылған екінші міндеттің диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келетінін көрсетеді; - еліміздің батыс өңіріндегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің сқйлеу кезінде араласа қолданысы тілдік-мәдени кодтардың араласуы мен алмасуын көрсетіп, мемлекеттік тілдің даму үдерісіне лингвистикалық тұрғыда әсер ететіні көрсетілген. Бұл қойылған үшінші міндет диссертация тақырыбының мазмұнын толық ашып, тақырыпқа сәйкес келеді; - бүгінгі күнгі қазақстандық тілдік саясаттың негізгі және жаңашыл мәселесі ретінде қарастырылған «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасы аясында жүзеге асырылған көптілді білім беруге (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) әлеуметтік лингвистикалық талдау жасап, оның қазіргі жай-күйінің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін айқындай отырып, болашағы туралы тұжырымдар жасау және Қазақстанның батыс

		<p>өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың ерекшеліктерін ескере отырып, оларды реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау туралы қойылған төртінші міндет диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан: Диссертацияның «Тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде «Тілдік жағдаяттың және оның типологиясының әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретіндегі көпқырлылығы», «Қазіргі әлеуметтік лингвистикадағы этнотілдік жағдаяттың жіктеуі», «Тілдердің әлеуметтік салаларда қолданысының теориялық қыры» сөз болса, «Қазақстанның батыс өңірінің тілдік және этнотілдік жағдаятының қазіргі сипаты» атты екінші бөлімде «Қазақстанның батыс өңірінің тілдік және этнотілдік ерекшеліктері», «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік салалардағы қолданысы», «Батыс өңірі қалаларының эпиграфикасының әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы» қарастырылады. «Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық көрінісі» атты үшінші бөлімде «Қазақстанның батыс өңірінің жоғары оқу орындарындағы көптілді оқытуды әлеуметтік лингвистикалық талдау», «Студент жастардың тұрмыстық қарым-қатынасындағы көптілділік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық талдауы», «Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаятты реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар» беріледі. Диссертацияның құрылымы негізгі тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан ой-тұжырымдар да өзара сабақтасып жатыр. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері үндесіп, сабақтаса баяндалған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	<p>Диссертанттың ұсынған жаңа шешімдері (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағалануында сыни талдау бар. Ізденушінің пікірінше, тілдік жағдаят тек қостілділік, үштілділік жағдайына қатысты емес. Егер қоғам мүшелері тек өздерінің ана тілінде ғана коммуникация</p>

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	жасайтын болса да, сол елдің тілдік жағдаятының қандай екенінен хабар береді. Демек, тілдік жағдаят деген құбылысты көптілділік, қостілділік деген ұғымдарсыз да айқындауға болады деп санайды. Осыған орай, тілдік жағдаятты біртілдік жағдаят немесе көптілді жағдаят деп бөліп қарастырған жөн деп санайды (19, 25 беттер).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып саналады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: Қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаят Қазақстанның батысындағы жағдайына сәйкес қарастырылып, алғаш рет теориялық тұрғыдан сарапталды, талдау жасалды. Сонымен қатар осы аймақтағы тілдік және этнотілдік жағдаяттың даму үрдісі мен ерекшеліктері алғаш рет анықталды. Сондықтан бұл ғылыми нәтиже толығымен жаңа болып табылады. Қазақстанның батыс өңіріндегі этнотілдік жағдаяттың жіктеуі де алғаш рет жасалғандықтан, бұл нәтиже де толығымен жаңа. Отандық лингвистикада алғаш рет батыс өңірдегі транслингвизм құбылысының пайда болу үдерістері анықталды. Бұл нәтиже тілдік және этнотілдік жағдаятқа транслингвалды, транскрипталды тәжірибелерге талдау жүргізіле отырып, алынғандықтан, толығымен жаңа болып саналады. Батыс өңірдегі қалалық кеңістіктегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қолданылу ерекшеліктері айқындалып, әрбір тілдің нысан атауларында өзіндік символдық-мағыналық рөл атқаратындығы анықталды. Бұл – жаңа нәтиже. Сондықтан зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп айтуға негіз бар.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырымдар: Тілдік жағдаят қостілділік пен көптілділік, транслингвизм сияқты компоненттері белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі қолданыстағы тілдер және олардың әлеуметтік салаларда қолданылуының иерархиялық орналасуы, этнотілдік жағдаяттың

			<p>жіктеуінің негізгі көрсеткіштері сынды көпқырлылыққа ие екендігі көрсетілді;</p> <ul style="list-style-type: none">- батыс Қазақстандағы тілдік жағдаяттың экзоглосты, көп полюсті, гетерогендік, әлеуметтік салаларда кеңінен қолданылатын екі басым тілі (қазақ және орыс тілдері) бар, кей жағдайларда сөйлеу тілінде ағылшын тілі элементтері қоса айтылатындығы, бұл мемлекеттік тілдің қолданыс аясын, әдеби тілде сөйлеуін шектейтіндігін көрсетіп, дәлелдеген;- Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты көпэтносты болып келетіндігі көрсетілген, Статистикалық талдау жүргізілген. Бастауыш, орта және жоғары білім беру саласында қазақ тілінде оқытуға, орта білім беру саласында үш тілде оқытуға артықшылық берілу кеңінен жайылған деп қорытындылайды;- қазақ тілі – мемлекеттік тіл болғандықтан, орыс тілі бұрыннан қатар қолданып келе жатқан тіл болғандықтан, сондай-ақ қазіргі басымдық халықаралық ағылшын тіліне берілгендіктен, өңірде қазақ-орыс-ағылшын тілі үштілділігі пайда болып жатыр деген қорытынды жасайды;- батыс өңірі қалаларындағы нысандардың атауларында да қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің тілдік бірліктері атау болып таңылуы – тілдік және этнотілдік жағдаяттың сипатын айқындайды;- батыс өңірдегі білім берудің көптілділікке негізделуі өңірдегі тілдік жағдаятқа көптілділіктің жаңа бағытын әкелгендігін көрсетті;- Қазақстанның батыс өңірі студенттерінің сөйлеу тілінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің кірігуі кодты алмастыру арқылы, сондай-ақ грамматикалық тұтасуға негізделген аралас сөз формаларының пайда болуы арқылы көрінеді. Қазақ тілі ағылшын тілінің // қазақ тілі және орыс тілінің араласуы негізіндегі сөздердің грамматикалық құрылысында гибридтену пайда болғандығын келтіреді;- батыс өңірінің тілдік және этнотілдік жағдаятын реттеуге байлаанысты іс-шаралар кезең-кезеңімен атқарылуы тиіс деп санайды.
--	--	--	---

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер толығымен жаңа, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант А. Утегенова жеті қағидат ұсынады.</p> <p>Ұсынылған қағидаттарға тоқталсақ:</p> <p><u>1-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), Тілдік жағдаят көпқырлылық сипатқа ие, оның компоненттері белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі қолданыстағы тілдерде көрініс тапқандығы, өңірдегі әртүрлі этностар тілі ортақ қазақ, орыс (кей жағдайда ағылшын) тілдері арқылы коммуникацияға түсетіні толық дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3) Қазақстанның батыс өңірінің тілдік, этнотілдік жағдайы, әлеуметтік-лингвистикалық көрінісі алғаш рет зерттеліп отыр.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады</p> <p>7.5 Иә, бірінші қағидатқа қатысты тұжырымдар Қазақстан Республикасының батыс бөлігіндегі тілдердің қолданысының әлеуметтік-лингвистикалық көрінісі // «Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия». – 2023. – №2. – (318- 335 бб.) атты мақалада толық дәлелденген.</p> <p><u>2-қағидат:</u></p>

			<p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), Тілдік жағдаят пен этнотілдік жағдаяттың арақатынасы вертикалды (тілдік жағдаят) және горизонталды (этнотілдік жағдаят) күйде болатындығы, тілдік жағдаятты тілдер және олардың әлеуметтік қолданысы кұраса, этнотілдік жағдаят этностардың белгілі бір кеңістікте орналасуы және ана тілдерінің қызметтік аясы мен этносішілік үдерістер болатындығы толық дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3). Тілдік жағдаят пен этнотілдік жағдаят ара жігі ашылып көрсетілген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады</p> <p>7.5 Иә, екінші қағидатқа қатысты тұжырымдар «Trends in the development of the language situation in Aktobe region (on the material of the language skills level among population) // «Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №4. – С. (153-162 бб.) мақаласында толық дәлелденген.</p> <p><u>3-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаяты көп компонентті, теңгерілмеген, экзоглосты, көп полюсті, гетерогендік, әлеуметтік салаларда кеңінен қолданылатын екі басым тілі (қазақ және орыс тілдері) бар тілдік жағдаят деп сипатталатындығы, Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты көпэтносты және генетикалық туыстығы мен байланыстары жағынан ұқсас және әртүрлі болып келетін этностар тілінен тұратындығы дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3) себебі алғаш рет батыс өңірдің тілдік және этнотілдік жағдаяты зерттеліп отыр.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады</p>
--	--	--	---

		<p>7.5 Иә, үшінші қағидатқа қатысты тұжырымдар «О формах существования казахского и русского языков в языковой ситуации Актюбинской области // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. –2022. – № 3. – (С. 50-61) мақаласында дәлелденген.</p> <p><u>4-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), Батыс өңірдегі басымдыққа ие казак және орыс тілдері мен тілдік жағдаятқа еніп жатқан ағылшын тілінің әлеуметтік қолданысының және коммуникативтік қуатының нығайып жатқанын статистикалық және сауалнамалық талдау арқылы дәлелдеген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3) бұл қағидат тек батыс өңірінде ғана емес, бүкілқазақстандық сипатқа ие екендігін көрсетуі жаңа деп танылады.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады</p> <p>7.5 Иә, төртінші қағидатқа қатысты тұжырымдар «Языковая и этноязыковая ситуация Актюбинской области». (Монография. – Актобе: ПринтА, 2023 – 194 с.) монографиясында дәлелденген.</p> <p><u>5-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызметтері қала эпиграфикасындағы жергілікті коммерциялық объектілер атауларынан айқын көруге болады. Коммерциялық нысан иелерімен арнайы сұхбат барысында көптілді атаулардағы қазақ тілі элементтерінің таңдалуы жергілікті ерекшеліктерді көрсетеді, ұлттық сезім мен мақтанышты айшықтайды және де сұлулық пен сенімділіктің кепілі болып табылып, қазақ мәдениеті мен ұлттық дәстүрді бейнелейді. Ал көптілді атаулардағы ағылшын тілінің қолданылуы тартымдылықты арттыру құралы ретінде қызмет етіп, заманауилық, жоғары сапа, инновация, техникалық прогресс, мәртебе ретінде қызмет атқарса, орыс тілді элементтердің болуы тұрақтылықты, адамның адалдық қасиетін, достық сезімді тудыратындығы сұқбат нәтижесінде дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p>
--	--	--

			<p>7.3 Иә, жаңа (3) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қала эпиграфикасындағы қолданысы жергілікті халыққа түрлі әсер қалдыруын зерттеуі жаңа деп танылады.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады</p> <p>7.5 Иә, бесінші қағидатқа қатысты тұжырымдар «Языковая и этноязыковая ситуация Актюбинской области» (Монография. – Актобе: ПринтА, 2023 – 194 с.) монографиясында дәлелденген.</p> <p><u>6-қағидат:</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1), Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының сөйлеу тілінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданулары және де бұл үш тілді кәсіби меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған білім берудегі үштілділік саясатының нәтижесі екендігін студенттердің спонтанды ауызекі сөйлеуіне транслингвалды талдау жасау арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3) сөйлеу тіліндегі қазақ, орыс, ағылшын тілдік бірліктері мен грамматикалық формалардың араласып келуі гибрид тілдік бірліктерді қалыптастыратыны дәлелденген.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады</p> <p>7.5 Иә, алтыншы қағидатқа қатысты тұжырымдар «Multilingual Practices in the Students' Microcommunity» (International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). – 2023. –Vol. 11, Iss. 1. – P. 146-159. Процентиль 83%, Q1 // ISSN:2329-2210) скопус базасындағы мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының әдістемесі нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай теориялық әдістер: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жіктеу; арнайы әлеуметтік лингвистикалық әдістер: сауалнама, сұхбат, бақылау, тілдік ландшафт әдісі; лингвистикалық сипаттау әдісі; деректерді

			<p>математикалық және статистикалық өңдеу әдісі сандық және сапалық тұрғыда тиімді қолданылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p>	<p>Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p>	<p>Иә, зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама, Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі коммерциялық нысан иелерімен жүргізілген сұхбат жүргізіліп, нәтижесінде ғылыми-практикалық ұсыныстар берілген. Мұндай талдауларды тілдік деректермен, ұсыныстармен негіздеуі жұмыста жақсы көрініс тапқан.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 194 бірліктен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, мақала, диссертациялық зерттеулері болып табылады. Әлеуметтік лингвистика мен тілдік қатынастар саласындағы, тілдік және этнотілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық мәнін ашуға арналған (Ч. Фергюсон, В.А. Аврорин, В.А. Виноградов, Н.Б. Мечковская, Л.Б. Никольский, А. Павленко, Г.В. Степанов, А.Д. Швейцер, Э.Г. Туманян, Ю.Д. Дешериев, А.Н. Биткеева т.б.); жаһандық билингвизм мен транслингвизм саласының теориясы мен практикасының мазмұндық-құрылымдық қырлары ашылған (Я. Андроутсопуолос, Я. Бломмаэрт, О. Гарсия, С. Канагараджа, В. Ли, А. Пенникук,</p>

			<p>А.А. Ривлина, Э. Шнайдер т.б.); тілдік ландшафтты зерттеуге бағытталған (П. Бакхаус, Э. Бен Рафаэль, Р. Боурхис, Р. Ландри т.б.) шетелдік ғалымдардың еңбектері; қазақ-орыс және орыс-қазақ көстілділігі саласындағы, қазақстандық тілдік және этнотілдік жағдаяттың теориялық, тәжірибелік қырлары мен ерекшеліктері анықталған отандық ғалымдардың еңбектері (Б. Хасанұлы, А.Е. Карлинский, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Ш. Құрманбайұлы, Б.Ж. Курманова, Қ. Текжанов, А. Құмарова, А. Абасилов, Э.Д. Сүлейменова, Д.Х. Ақанова, О.Б. Алтынбекова, Ж.С. Смагулова, М.Т. Тезекбаев, С.А. Шункеева, А.Р. Жикеева, Д.Б. Акынова, Н.Ж. Шәймерденова, А.Ж. Суюнбаева, А.Ш. Акжигитова т.б.) мен тілдік және этнотілдік жағдаят бағытында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері зерттеу жұмысының әдіснамасын айқындаған.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	<p>Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген..</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p>	<p>Иә. Диссертациялық зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар өңірдегі тілдік жағдаятты, көптілділікті және тілдердің өзара әрекеттесуі мәселелерін қарастыруда маңызды болып табылады, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың одан әрі дамуына үлес қосады.</p> <p>Зерттеу жұмысының теориялық-әдістанымдық ұстанымдары алдағы осы бағыттағы тың жұмыстардың жазылуына жол ашады. Оған диссертациядағы 30, 33, 49, 50, 51, 58, 61 беттердегі автор тарапынан айтылған пайымдаулар мен талдаулар дәлел бола алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ</p>	<p>Иә, зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдары, талдауға түскен тілдік материалдарды әлеуметтік лингвистика, көптілді білім беру салаларын дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психолингвистика» пәндерін оқытуда пайдаланылады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-практикалық ұсыныстар Қазақстан</p>

			Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда тірек құрал бола алады. Сонымен қатар жазып алынған Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдануына байланысты 496 фрагментті қамтитын, ұзақтығы 125 минутқа созылатын спонтанды ауызекі сөйлеу тілінің аудиожазба материалдары Ұлттық корпустың ауызша ішкі корпусын толықтыра алады және өзге зерттеулерге арқау бола алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят бұрын қарастырылмаған. Ұсынылған практикалық ұсыныстарының бәрі толығымен жаңа, сондай-ақ кезек күттірмей шешімін табуға тиіс мәселелер деп танымыз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары . Ғылыми стильде сауатты, жоғары деңгейде жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттар қоятын талапқа сай келеді.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:


- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру**;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Утегенова Асельдің «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаят» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Екі Марте Кеңес Одағының батыры
Т. Ж. Бегельдинов атындағы ӘҚК Әскери институты,
Мемлекеттік тіл кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

13.05.2024



Handwritten signature of A. Zh. Suyunbaeva

Суюнбаева А.Ж.